

**Шығыс Қазақстан облысы Семей қаласы мәслихатының 2018 жылғы 29 қарашадағы 30/197-VI "Жер салығының базалық мөлшерлемелерін түзету туралы" шешімінің күші жойылды деп тану туралы**

Абай облысы Семей қаласы мәслихатының 2023 жылғы 4 желтоқсандағы № 14/84-VIII шешімі. Абай облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 6 желтоқсанда № 176-18 болып тіркелді.

"Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 7-бабының 5-тармағына, Қазақстан Республикасының "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27-бабына сәйкес, Абай облысы Семей қаласының мәслихаты ШЕШТІ:

1. Шығыс Қазақстан облысы Семей қаласы мәслихатының "Жер салығының базалық мөлшерлемелерін түзету туралы" 2018 жылғы 29 қарашадағы 30/197-VI (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5-2-198 болып тіркелген) шешімнің күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Семей қаласы мәслихатының төрағасы*

*Д. Шакаримов*